


Бекітемін:

Бастауыш сыныптар жөніндегі
оқу ісінің орынбасары:

 С.Мырзағалиева.

Қараша айының 1апта (1. 11-5.11.2021) шағын ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы: «Бізді қоршаған әлем»

Апталық тақырыбы: «Жомарт күз»

Мақсаты: Қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына не баланың тұлғасын дамытуды, адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет танытуды сезінуін қамтамасыз етеді.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 1.11.2021	Сейсенбі 2.11.2021	Сәрсенбі 3.11.2021	Бейсенбі 4.11.2021	Жұма 5.11.2021
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.		Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балалардың дене температурасын өлшеп, көңіл-күйлерін сұрау. Ата-анамен пікірлесу (Бақылау)				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)		Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Аю қонаққа келеді» (бала үні, сыни ойлау)	Құрылымдалған ойын: «Бауда ма, бакпада ма?» (4К моделі-бала үні, сыни ойлау, коммуниктивтілік)	Педагог жетекшілігімен ойын: «Ұқсас затты топта» «Теңестір» (бала үні, сыни ойлау)	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Түлкі мен қаздар» (Бала үні, бақылау)	«Өтеш пен тоты» ертегісін айту. (Бала үні, коммуниктивтілік)
Таңертенгілік жаттығу		Жаттығулар кешені. (Жан-жақты дамытушы жаттығуы)				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық		Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 1)«Ұшты-Ұшты» Құрылымдалған ойын 2) «Жер, су, ауа» 4К Моделі. (Сыни ойлау, бала үні, коммуниктивтілік)				
Ұйымдастырылған оқу қызметтері		Дене шынықтыру 1.Тақырыбы «Өрмелейік қане біз» Мақсаты:Балалард	Музыка Тақырыбы: "Жомарт күз" Балалардың әуенге деген ықыласын	Дене шынықтыру Тақырыбы:«Аквариум дағы балықтар» Мақсаты:Педагогтың лақтырған добын қағып	Сурет салу Тақырыбы:Тақырыбы: «Әдемі көйлек». Дайын көйлек суретінің үстіне бұршақтар салып	Математика негіздері Тақырыбы: «Тәулік бөліктері» С/Мақсат: таңертен –

	ы сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүре алады, еденде тұрған тактаймен өрмелеу және алға жылжи отырып екі аяқпен секіру дағдыларын қайталайды. (Пән жетекшісі) Жаратылыстану Тақырыбы: "Жемістер мен көкөністер" С/ Мақсат: балалардың жомарт күз туралы, күзде өсетін көкөністер және жемістер туралы білімдері кеңейеді. көкөністермен жемістерді ажыратып атай алады, бакша өсімдіктерін өсіру, оларға күтім жасауа қызығушылықтары қалыптасады. Әдіс-тәсілі: топқа	арттыру; әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру. Ән тыңдау: «Грибочки» мульт песенка Ән айту: «Күзгі вальс» Б.Бейсенова. Әуенді ырғақты-кимыл, ойын: «Жапырақты кім тез жинайды?». (Пән жетекшісі) Дене шынықтыру (Пән жетекшісі) «Командалық ойындар» Мақсаты:Ойындарды ойнау және жаттығуларды орындайды.,Шапшаңдық, ептілік, төзімділікке тәрбиеленеді.	алу және кері лақтыра алады, Қол басының икемділігін дамытады. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы "Қораз ойыншығымен танысу" С/Мақсат: балалар үй құстарының сыртқы кескін-кейпі және тіршілік ерекшеліктері жөнінде біледі, ойыншықты сипаттау және ол туралы әңгімелеу тәртібімен танысады. Сөздік ойындарда үй құстарының дыбыстайтын ерекшеліктерін ажыратады. Әдіс-тәсілі: сұрақтар қою, бакылау, өлеңді мәнерлеп айту, АКТ мен жұмыс. Ресурстар: Қораз (этеп) ойыншығы. Әтештің дыбысының аудиожазбасы. Ырғақты темпі орташа	әдемілеу. Саус аяқпен немесе мортанбалармен бастыру. (Пән жетекшісі) Көркем әдебиет Тақырыбы «Шалқан» ертегісі С/Мақсат: Балалар ертегілердің мазмұнын түсінеді, тыңдайды, есте сақтайды кейіпкерлерді сахналайды. Әдіс-тәсілі: рөлге бөліп ойнау, сұрақтар қою, жұмбақ,бакылау, бағалау,ойын, АКТ мен жұмыс. Ресурстар:шалқан,атай, әжей, немере қыз, күшік, мысық, тышқан атрибуттары, смайликтер, Күтілетін нәтиже: таныс ертегілерді сахналауға қатысады. құрылымдалған ойын. «Сыйқырлы қорап» ойынын ұйымдастыру Ойын мақсаты: көкөніс аттарын қайталату Шарты: Қораптан көкөністерді қолға ұстап, сипап тұрып	кеш, күн – түн сияқты карама-карсы тәулік бөліктерін ажыратады. логикалық ойлауы дамиды. Ресурстар:атрибуттар Доптар, тәулік бөліктері суреттер А3 формат Әдіс-тәсілі: Түсіндіру,сұрақ жауап,ойын ойнау, топқа бөлу, бағалау, лулий шеңбері әдісі. Күтілетін нәтиже:Тәулік бөліктерін—таңертең, күндіз, кеш, түнді таниды және атайды. Шаттық шеңбері. Біз ерекше баламыз Айтқан тілді аламыз Достарымды көргенде Қуана қарсы аламын Қайырлы таң балалар! Өте жақсы - Балалар қазір жылдың қай мезгілі? - Балалар мынау не? - Ал тағы не көріп
--	---	--	--	--	--

	бөлу, ашық сұрақтар қою, бақылау, бағалау, жұмбақ, ойын, АКТ мен жұмыс. Ресурстар: Күзгі табиғаттың А3 форматта суреттері, ; жемістер мен көкөністердің суреті, кәрзепке, Макет ағаш, жапырақтар үлестірмелі материалдар. Күтілетін нәтиже: кейбір көкөністер мен жемістерді дәмінен ажыратады. Шаттық шеңбері: Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарыммен шеңберге, Тұрғанымды қалайды. Қайырлы күн достарым! Жұмбақ жасыру: Жиын-терін болатын Қамбаға астық толатын «Қызыл қырман» ойнайтын Қай мезгіл деп		әуеннің жазбасы, №34. "Аула алаңы" панносы (плакат немесе слайд). Заттық суреттер: қораз, тауық, аққу, балапан, үйрек, көкек, қаз, күрке тауық (А4).. Күтілетін нәтиже: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтады. Шаттық шеңбері: Армысың алтын күн! Армысың Жер Ана! Армысыңдар достарым, Сендерді көрсем қуанам. - Балалар, бұл не дыбыстайды екен? Кім таныды? Дұрыс. Бұл - Қораз. Балалар, бүгін бізде қонақта қораз. Аmandасайық. Жарайсыңдар. - Балалар, қораз өз мекенін таба алмай жүр. Оған көмектесейік. Келістік пе? - Қораздың мекенін табу үшін біз оның қандай екенін көрейікші. Көрсеткішті	не ұстап тұрғанын айтады. Ертегімен таныстыру Ерте, ерте, ертеде. Бір кемпір мен шал өмір сүріпті. Олар үй шаруашылығына, ата есіктің алдында шалқан егіпті. Күндердің бір күнінде Шалқан күннің ыстық сәулесімен үлкен болып өсіпті. Осы кезде ата шалқанына тамсанып қарайды. Ата: Ой, бәрекелді, менің еккен шалқаным үлкен болып өсіпті. Бәріне жететін болды. Тәрбиеші: Осылай ата еңбегіне қуанып шалқанды тартпақшы болады. Өрі тартады, бері тартады, шалқанды жұла алмай қояды. Сөйтіп көмекке кемпірін шақырады. Ата: Ойбай, шаршап кеттім, бәлім де ауырады. Қой	отырсыңдар? Тосын сәт: Күлдіргіш амандасалы. - Маған сендердің көмектерің керек, түнде неге күн жарқырап шыкпайды екен осы а балалар білсендер айтыңдаршы. (сыни ойау) Шаттық шеңбері: Бақпамызға барғанда. Жолыққан бар жандарға, Ертемен ақ пейілмен. «Қайырлы таң» деймін мен, Күндіз де елді елеймін. «Қайырлы күн» тілеймін, Үйге кешке келемін.
--	--	--	--	--	--

	ойлайсың? Сұрақ – жауап айдары: - Бір жылда неше жыл мезгілі бар? - Қалай атаймыз? Жылдың қай мезгіліне келіп жеттік? -Күз неше ай қонақта болады? Күз айларын атайықшы? - Күз ерекшелігі қандай? Балалардан жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін атайды. .Слайд арқылы жылдың қай мезгілі екенін айтып кету. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Бақпада ма, бауда ма?» Жапырақта тасалап, Өскен жері бақша-бақ. Күрен қызыл шіркін-ай, Оның аты - ... (күлпынай- клубника- strawberry) Ашулы	қолдану. - Қоразда басы ..., алқымы ..., денесі ..., құйрығы ..., екі қанаты ..., аяқтары бар ... Көрсеткішпен көрсетіп отыру. - Қораздың басында қызыл айдары, екі домалақ көзі, өткір тұмсығы, майлы сырғасы бар. - Қораз денесі ала-ала, қауырсындармен қапталған. - Қораз құйрығы ұп-ұзын доғалы қауырсындар. - Қораз – "Қу-ка-ре-ку!" деп дыбыстайды. - Қайталайық: "Қу-ка-ре-куу!" Көркем сөз. "Қораз". - Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдаршаң, Сақалың да - қызылша. Майлы басың, қабағың Ашылады, карағым. Терезеден бір қара, Бұршақ шаштым бір қора. - Балалар, қораз нені	көмекке кемпірді шақырайын. — Кемпірім, кемпірім, көмекке келші, қараша, шалқанымыз үлкен болып өсіпті, Жалғыз өзім тарта алмай қойдым. Кел, екеуміз бірге тартайық! Кемпір: Ой, шынында үлкен болып өсіпті ғой! Кел, тартсақ тартайық! Тәрбиеші: Осылайша атаның артынан ұстап әрі тартады, бері тартады. Бірақ шалқанды орнынан қозғалта алмайды. Кемпір қызын көмекке шақырады. Кемпір: Қызым, қызым, бізге көмекке келші. Атаң еккен шалқанды жұла алмай жатырмыз. Қыз: Жарайды апа сізге көмектесемін.	Не дерімді білемін, «Кеш жарық» деп кіремін. Жұмбақ Қызыл күлше тау асады, Ыстық нұрын шашады. Күн -Біз оянғанда не болады балалар ? таң атады -Біз далаға шығып ойнағанда күннің қандай бөлігі болады? Күн болады. -Балалар сендер балабақшадан үйге қайтқанда қай уақыт болады? Кеш уақыты болады -Біз қай кезде уйқыға жатамыз? түн болғанда Сонымен балалар тәулік бөліктері ол:
--	--	---	---	---

	конақ бұл анық, Тонын шешсе, жыладық. (Пияз- лук- onion) Түс таяқшалары арқылы үш топқа бөлу.(көк Ресурстар таяқшалар- көкөністер, сары таяқшалар-жемістер, қызыл таяқшалар-жидектер) «Мига шабуыл» әдісі арқылы ашық сұрақтар -алма неге жатады? Жеміске ме?жидекке ме?Көкөніске ме? - Ал құлпынай ше? Пияз неге жатады? - Дұрыс айтасындар,балалар. - Көкөністер мен жемістер несімен пайдалы? - Оларды кім өсіреді? Қай		шокиды? Иә. Бұршақ шокиды. - Қалай шокиды екен, көрсетейік. - Қандай дыбыс шығарамыз? Иә, "тоқ-тоқ-тоқ". Командалық жұмыс Шарды жарып, ішінен шыққан суреттерді құрастыру. Қоразды тақтаға орналастыру. (Саралау) Балалар, қоразды "әтеп" деп те айтады. - Әтептер қалай жүретінін көрсетейік. Педагог балаларды алаңға шығарып, шеңберге тұрғызып, аудиожазбада айтылған сөздердің мәніне сай, қимылдарды көрсете тұрып, балалардың қимылдарды жасау тәртібін реттейді. Балалардың қимылдарды әуен ырғағына сай жасайтынын бақылайды. Педагог жетекшілігімен	Тәрбиеші: Сонымен қызы көмекке келіп, шалқанды рет-ретімен тартады. Бірақ күштері жетпейді. Сонымен қыз көмекке итін шақырады. Қыз: Итім, итім көмекке келші. Ит: Аф-аф-аф көмектес десендер көмектесемін Тәрбиеші: Ит қыздың етегінен, қыз кемпірдің етегінен, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап ары тартады, бері тартады, бірақ шалқанды суыра алмайды. Енді ит көмекке мысықты шақырады. Ит: Мысық, мысық, бізге көмекке келші, атам еккен шалқанды жұла алмай жатырмыз.	Сонымен балалар тәулік бөліктері ол: -таң -күн -кеш -түн Екен. Өте жасы балалар.Жарайсындар Қимылды ойын: «Күн мен түн» Мақсаты:Күн мен түн жайлы түсінектерін кеңейту,адамгершілікке уйрету. (Күн шықты,Түн болды) Құрылымдалған ойын: «Түнгі аспан» Мақсаты:Онға дейін санап уйрену,Жұлдыздарды
--	--	--	--	---	--

	мезгілде егеміз, -қай мезгілде жинап аламыз? Түсті таяқшалар 1 тапсырма Топтық жұмыс. Өр топ берілген суреттер бойынша жемістер, жидектер, көкөністерді ажыратып, олардың пайдасын, қайда өсетінін айтып беріндер. «Ойлан, Жұптас, Бөліс» әдісі бойынша әр топ өз тобындағы жеміс, көкөніс, жидектерді қорғап шығады. «Бағдаршам» әдісі арқылы топтар өзара бағалау жасайды. Әліппе дәптермен жұмыс: 2-тапсырма. Бағбанға қажетті құрал-сайманды ата. Олар үшін не қажет? Ойын: «Затты сипатта». Шарты: Тақтаға шыққан		жүргізілетін ойын: «Балапандар» (сыни ойлау, бала үні, коммуникативтілік) Сергіту сәті: (баяу музыка орындалады) (бала үні, ойын)	Мысық: Мяу-мяу, көмектесіп жіберейін. Тәрбиеші: Мысық иттің құйрығынан ит қыздың етегінен, қыз кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап әрі жұлқылайды, бері жұлқылайды, бірақ шалқан шықпайды. Енді мысық көмекке тышқанды шақырады. Мысық: Тышқан, тышқан, маған көмектесіп жіберші. Тышқан: Әрине көмектесіп жіберемін. Олар тарта-тарта шалқанды суырып алады. Ертегіні талдау: -Ертегі не туралы? -Атай не екті? -шалқан қалай өсті? -не үшін атай көмекке	я пішінін білу, қара түсті білу, мейірімділікке, достыққа үйрету. Аяқ деген топ топ Алақаным шап шап шап 1,2, оңға 1,2 солға Айналамыз біз оңға. Мадақтау: Балаларға жақсы жұмыстары үшін жұлдызшалар таратып беру. Музыка Тақырыбы "Жомарт күз" Балалардың әуенге деген ықыласын арттыру; әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру. Ән тыңдау:
--	---	--	---	---	---

	балаға жемістер, жидектер, көкөністер жасырын көрсетіледі. Тақтадағы бала заттың бейнесін сипаттап айтады. Басқалары оны табады. Сергіту сәті: Алма, алма, көп алма, Қызыл, жасыл, көк алма Теріп, теріп алайық, Қалтамызға салайық. 3-тапсырма. Ребусты шеш. Шешуі болған көкөністің суретін сал. (Қызанақ) Сергіту сәтін музыкамен орындау. <i>(4К моделі-ойын, бақылау, бала үні)</i> Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы "Аспаз" С/Максаты: балалардың аспаз ең бегі туралы ұғымдары кеңейеді; аспаз			эжейді шақырды? -Барлығы көмектескен соң не болды? (сынни ойлау, бақылау) Қолға алып шарды Үрлеймін мен былай Уф-ф-ф Үрлеймін деп қатты Жарып алдым шарды. Кейіпкерлердің іс-әрекетінің жағымды жақтарын өздеріне үлгі алуға білу керектігін айтамын. Бірлік болмай, тірлік болмас деген мақалдың мәнін түсіндіру Бағалау: Смайликтер арқылы «көңіл күй» айнасына орналастыру	«Грибочки» мульт песенка Ән айту: «Күзгі вальс» Б.Бейсенова. Әуенді ырғақты-кимыл, ойын: «Жапырақты кім тез жинайды?».
--	--	--	--	--	--

		еңбегі туралы түсін еді. аспаз құралдарының аталуын жатқа айтады. Аспаз құралдары мен тамақ атаулары арқылы балалардың ойлауы мен зейіні, есте сақтауы мен қабылдауы, тілі дамиды. Әдіс-тәсілі: Ойындар, топқа бөлу, командамен жұмыс, бағалау, сұрақтар айдары, жұмбақ Ресурстар: күзгі ағаштар, жемістер, аспазшының құралдары, ыдыстар. кәрзеңке. Күтілетін нәтиже: қазақ халқының тұрмыстық заттарын атайды. - Аспаз сендер үшін не істейді? Дұрыс балалар аспаз сендерді бес уақыт дәмді және ағзаға өте пайдалы				
--	--	---	--	--	--	--

	Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз, Қолымызды көтеріп Алма ағашындай жайқалып , Әдемі болып өсеміз. 1.Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Кім жылдам?» ойыны. Шарты: Шашылып жатқан көкөністер мен жемістерді жинайды. Шапшандыққа, жылдамдыққа үйретеді. Кім көп, тез жинаса сол жеңеді. Сергіту сәті. Күлім қағып қолымды 1,2,3 деп соғайын Қарап тұрған көршіме Қолымды мен былғайын Жылы –жылы сөзбенен Жүрегіне сыйлайын . (4К моделі. Бала үні,)				
--	---	--	--	--	--

Серуенге дайындық		Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру. Серуенге ойын материалдарын таңдау.				
Серуен		№38	№39	№40	№41	№42
Серуеннен оралу		Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, әрқайсысы өз сөрелеріне киімдерін жинау. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Ойындар, дербес әрекет Вариатив		Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 1) «Доп кімде» 2) «Ұйқыдағы аю»	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 1) «Жоғарыда-төменде» 2) «Дүкенші»	«Қораз» тақпағын жаттау Жеке-жеке айту.	Ертегі кейіпкерлерін рөлдерге бөліп сомдау. «Шалқан» ертегісі	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Д/о: «Бұл қай кезде болады?» «Заттар қандай фигураға ұқсайды?» ойыны. «Тәулік бөліктері бейнеленген карточкалар тарату.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс		Шәмшіні түрлі-түсті қарындаштармен, фломастердің, гуашьтің төрт түсімен сурет салуға үйрету.	Әбілхайырға суреттен жануарларды тауып, атай білуге, олардың сипаттық ерекшеліктерін атай білуге үйрету;	Айханды үй жануарларының төлдерін табуға, атауға үйрету	Айлинді қағаз бетіне симметриялық пішіндерді орналастыруға машықтандыру.	Альфияға өзі, отбасы мүшелері, сүйікті ойыншықтары жайлы сұрақтарға жауап беруге үйрету.
Балалардың үйге қайтуы	18.00-18.30	Баланың бүгінгі жеткен жетістігі туралы әңгімелесу. Тұтас бала бейнесі	Үйде ертегі айтасызба? Тақырыбында ата-анамен пікірлесу. Тұтас бала бейнесі	Баланың жетістігін айту, әңгімелеу. Тұтас бала бейнесі	«Жомарт күз» әнін үйден жаттауды тапсырма етіп беру. Тұтас бала бейнесі	Балалардың жылжымалы дәптерлерін тарату. Жақсы демалыс болуына тілек білдіру. Тұтас бала бейнесі

Бекітемін:

Бастауыш сыныптар жөніндегі

оқу ісінің орынбасары:

С.Мырзағалиева.

Қараша айының II аптасының 8-12 аралығындағы шағын ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы: «Бізді қоршаған әлем»**Апталық тақырыбы:** «Мен және қоршаған орта»**Максаты:** Қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие баланың тұлғасын дамытуды, адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет танытуды сезінуін қамтамасыз етеді.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 8.11.2021	Сейсенбі 9.11.2021	Сәрсенбі 10.11.2021	Бейсенбі 11.11.2021	Жұма 12.11.2021
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балалардың дене температурасын өлшеп, көңіл-күйлерін сұрау. Әрбір ата-анаға денсаулық сауалнамасын толтырту жұмыстарын жүргізу.				
Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б.)	Қысқыштармен ойналатын ойын, баулармен ойындар	Педагог жетекшілігімен ойын: «Бауда әлде бақшада ма?»	құрылымдалған ойын: «Ұқсас затты топта»	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Ақ қоян»	«Маша мен аю» ертегісін айту. (коммуникативтілік, бала үні)
Таңертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені. (Жан-жақты дамытушы жаттығуы)				
Таңғы ас	Сұрасаң бата берейін, Үстем болсын мерейін. Ықыласпен қол жайсаң, Ақ тілекті төгейін. Дастарханың мол болсын, Денсаулығың зор болсын Қайда барсаң алдыңнан, Жарқыраған жол болсын! Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Ойын-тренинг: «Жақсы мен жаман» Максаты: Ойлау қабілетін арттыру. Жақсы қасиетке қол шапалақтау. (4К Модель.)				
Ұйымдастырылған оқу қызметтері	Сурет салу Т/бы: «Саты» Максаты: Керіктің ойынының ұзындығына	Дене шынықтыру Т/бы: «Бөрене үстінде еңбектеу» Максаты: Гимнастикалық орындық немесе бөрене үстінде	Дене шынықтыру Т/бы: «Допты қақпа арқылы домалатамыз» Максаты: Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен	Мүсіндеу Т/бы: «Қоянға арналған сәбіз» Максаты: Балаларға қоянның тіршілігі туралы түсінік беру. Сопақша пішінді	Музыка Т/бы: «Тұлпарым» Максаты: Балаларды үй жануарлары туралы әндерді тыңдауға және айтуға үйрету.

карай түрлі бағыттарда сызықтар жүргізіп, оларды қиыстырып, саты салуға үйрету. Шаттық шеңбері. Күн шуағын шашады Күлкі сыйлап біздерге Ағаштарды қозғалтып Жел соғады тербелте -Балалар мен бір музыкалық аспап таптым, оның аты метоллофон. Аспапты таяғымен ұрып ойнайды. Солдан оңға, біртіндеп жоғары, оңнан солға біртіндеп төмен музыканы тыңдап, ажыратуға көңіл бөледі. Баспалдақтардан не құралатындығын түсіндіреді. -Балалар, саты дегенді қалай түсінесіңдер? Суретпен жұмыс. Сатылардың	еңбектеп жүруге үйрету. Көлбеу жазықтың үстінде жүруге үйрету. Жүрістің түрлері аяқтың ұшымен жүру 2.өкшемен жүру 3.аяқтың сыртымен жүру 4.жартылай отырып жүру 5.толық отырып жүру Жүгірістің түрлері 1.Жай жүгіру. 2.Тізені көтеріп жүгіру. 3. Аяқты артқа сермеп жүгіру. 4. Аяқты екі жақ жанға сермеп жүгіру. 5.Оң жақ және сол жақ қырымен жүгіру 6. Қолды жоғары көтеріп, терең дем алу, дем шығару. Құрастыру Т/бы: "Ақтөстің үйші"	арақашықтықты сақтап бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру қойылған заттардың арасымен жылан тәрізді жүру дағдысын жетілдіру саптан шеңберге шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Шынықсаң шымыр боласың, Сауығып айдай толасың. Спортты серікете біл, Жақсы азамат боласың. Жарайсыңдар, балалар! Жаттығуымызды бастайық 1. Арнайы жаттығулар 2. Жүгіру жаттығулары Жақсы балалар. Енді біз қазір ойыншықтардың арасымен еңбектеуге үйренеміз арақашықтықты сақтай отырып денелерімізді дұрыс бір қалыпты ұстап жүруді үйренеміз. Қимылды ойын: «Еңбектеп өт» Шарты: Балалар екі қатарға бөлініп	және бір ұшын үшкірлеп мүсіндеуді үйрету. Айналаға карап, табиғаттың сұлулығын сезінейік. Аспан түрді түндігін Жерге сәуле жайылды Неткен ашық күн бүгін Қайылы таң, қайырлы. - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? - Күз мезгілінің өзгерістерін айтайықшы. - Ауа-райында қандай өзгерістер болады? - Құстар қайда ұшып кетеді? - Көкеністерге не жатады? - Көкеністер қайда өседі? Балалар, біз күнделікті өмірде, балабақшада көкеністер мен жемістерді жиі қолданамыз, себебі	Орыс тілі Т/бы: «Волшебная корзина» Образовательная: Закрепить знания детей по теме: «Фрукты». Учить умению называть фрукты на русском языке, употребляя обобщающие слова, умение правильно отвечать на вопросы. Развивающая: развивать устойчивость внимания, словесно-логическое мышление, память, связную речь, воображение. Воспитательная: воспитывать желание говорить на русском языке, трудолюбие, уважение к труду взрослых. Оборудование и материалы: плетеная корзинка; цветы на каждого ребенка; иллюстрации; аудио запись Шуман «Смелый наездник»; шумовые инструменты «Я здороваюсь везде, дома и на улице, даже здравствуй говорю я соседской курице...». «Принесли из магазина, мы огромную корзину. Полобуйся, посмотри, что находится внутри» остаток из корзины
--	--	---	--	---

	түрлерімен таныстыру. Саты баспалдақтың санына, ұзындығына қарай бөлінетіні туралы түсіндіріледі. Сөздік жұмыс. Саты, баспалдақ. -Сатының баспалдақтарына жануарларды даусына қарай орналастырайық (қораз, мысық, күшік, сиыр) - Мойны өте ұзын жануарға – керікке саты салып берейік. Сергіту сәті Металлофонда әртүрлі әуен ойналады. Сатыны салу жолы түсіндіріледі. Балаларға езілген дайын қоңыр гуашка қылқаламмен ұшын ақырын жартылай батырып, жоғарыдан төмен қарай түзу екі	гін жөндейік" С\Максат:балаларды құрылыс материалдары мен өзге, екіге бүктем еленген қағаздан күшікке үйшік жасауға үйренеді. Кірпіштерден қабырғаларды қалап, қағаз жолағын екіге бүктемелеп, шатыр қойып, құрастыра алады. Сөздік жұмыс: қостым, бүктемеледім, қаладым, қабырғасы, едені Әдіс-тәсіл: Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, құрастыру амалдарын көрсету. Ресурстар: Ойыншық күшік Вики (суреті). Аулада тұрған үйшік суреті. Білеулер, кірпіш және бүктемеленген қағаздан құрастырылған үйшік үлгісі. Көрсеткіш, Күтілетін нәтиже: Кірпіштерден қабырғаларды қалап, қағаз жолағын екіге бүктемелеп, шатыр қойып үйшік құрастыра алады. Күшіктің дыбысы	ойыншықтардың арасымен допты домалату арқылы еңбектеп өтулері тиіс. Математика негіздері Т/бы: «Шаршы. Үлкен - кіші» С\Максат: жаңа геометриялық пішінмен – шаршымен танысады. Балалар геометриялық пішіндерді таниды және атайды. шаршының түрлі көлемде (үлкен – кішкентай) болатынын түсінеді, шаршыны көру-қозғау жолымен зерттеу білігі дамиды; топ бөлмесі мен қоршаған ортадан шаршыға ұқсас заттарды көзбен табу білігі дамиды. Сөздік жұмыс: геометриялық пішін, үлкен, кіші. Ресурстар: көлемдері бірдей, бірақ түстері әртүрлі дөңгелек және шаршы. Тақтаға магнит арқылы орналастырылған көлемдері мен түстері әртүрлі алты пішіндер. Күтілетін нәтиже: Ойын барысында қайталап, тапсырмаларды толық орындайды.	оның дәрумені өте көп, денсаулығымызға пайдасы өте зор Жұмбақ шешейік 1. Қылқиып ұзын құлағы, Елендеп қорқып тұрады. 2. Бақшадан жер қазып Жиып алдым жез қазық. Ғажайып сәт. Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетімізге Қоян қонаққа келіпті. Қоянымыз жылап кіреді. Балалар қоянымыздың көңіл-күйі болмай тұрған сияқты. Қоян: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Жетекші: Қоянжан, неге көңіл-күйің жоқ, не болды? Қоян: Балалар, мен орманда серуендеп жүр едім, менің	цветочки. - Как вы думаете для чего нам эти цветы? - В руки цветочки возьмем, с ними танцевать начнем. Дать указания: движения плавные, под музыку. Покажите, как девочки в круг побегут, а как мальчики? Мы на стульчики пройдем, с собой корзиночку возьмем. Достать снежок. Достать иллюстрацию наездника. Беседа о содержании произведения, характере. Достать иллюстрацию. - Для чего нам эта иллюстрация? Напомнить содержание песни. Проговорить по фразам куплет и попросить детей закончить фразу. В 3 куплете работа над окончанием слова весеннюю. Исполнение песни стоя в характере – весело, с любовью. Мы немного отдохнем, посмотрим, что еще внутри корзиночки? Достать по одному инструменты, поиграть на них. Предложить сыграть в оркестре.
--	---	---	---	--	---

	сызықты қатар сызып алуды, содан соң, біртіндеп ретімен солдан оңға қарай түзу сызықтар жүргізуді, екі ұзын сызықтың ортасын бір-біріне қосып, қиыстырып сызуды көрсетіп, түсіндіру. -Алдарындағы қаптама ішінде өздеріне таныс жануарлардың суреттері бар екендігін айтып, соны балалардың өз баспалдақтарына дұрыс орналастырыңдар. Көз жаттығуы - Балалар, сатыны таза, әдемі салдыңдар, маған қатты ұнады. Баспалдақтар бір-бірімен түзу, дұрыс қиылысып тұр екен. Кешке ата-аналарымызға көрсету үшін көрмеге іліп қояйық. Дене шынықтыру Т/бы:«Допты	шығады. Ғажайып сәт. Күшік Ақтөс келеді. - Балалар, қараңдар Ақтөс де келіп қалыпты. Амандасайық. Сәлеметсіз бе! - Балалар, Ақтөс ненің күшігі? - Ит қайда тұрады? Аулада тұрған, құрылысы аяқталмаған, үйшікті көрсету. - Балалар, мынау үйшік пе? - Мына үйшік аяқталмаған. Күшік Ақтөс оған үйшігін жөндеп беруді сұрайды. Көркем сөз - Кішкентай үйшікті Құраймыз күшікке. Мұқият қараймыз, Ағаштан қалаймыз. Едені, қабырғасы, Төбесі, шатыр басы. "Үйшік" үлгісін зерттеу (құрылыс материалдары білеу, қағаз). "Үйшік үлгісі". Екі білеу үстелде бірі-біріне қосылып жатыр, еден. Еденнің үш жақтағы бойында кірпіштер, өзара екі бұрышты құрып,	Шаттық шеңбер: «Табиғат-Ана» Күн, сәуле шашқанын үшін рақмет! Ауа, таза аспанын үшін рақмет! Бұлт, жаңбыр сепкенін үшін рақмет! Ағаш, көлеңке үшін рақмет! Балаларға Буратино қонаққа келеді. Ол түрлі геометриялық пішіндерді алып келгенін айтады. Оларды атамақ болады. Бір пішінді Буратино атай алмайды. Балаларды көмекке шақырады. Ол геометриялық пішін – шаршы. Шаршы неге ұқсайды? Оның түсі қандай? Бір-біріне беттестіре салу арқылы шаршыны дөңгелекпен салыстырады. Пішіндер бірдей ме, әлде әртүрлі ме? Шаршының бұрыштары бар екеніне, ол домалай алмайтынына назарларын аударады да көрсетеді. Несімен ерекшеленеді? Шаршыны алыңдар да,	жүр едім, менің себетімдегі сүйікті асым сәбіздерім түсіп қалған. Енді менің қарным ашып тұр. Маған сүйікті асым сәбіз керек. Балалар, қоянның сүйікті асы не? -Балалар қоянға көмектесеміз бе? Қане, орнымыздан тұрайық, Сергің, сергің алайық. Ұзын құлақ, сұр қоян Естіп қалып сыбырды Ойлы, қырлы жерлермен Ытқып, ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын салып көзінің . Келе жатқан томпаңдап, Көжегі екен өзінің. Еңдеше қалай көмектесеміз?	Дать указания : внимательно слушаем слова песни, играем на инструментах только тогда , когда закончилась песня. Что необычного случилось на нашем занятии? Что понравилось? Что не понравилось? «Раз, два, три, четыре, пять:«До свидания, надо нам сказать!» (можно предложить: громко, тихо, шепотом) До свидания.
--	---	--	---	--	---

	жоғары қарай лақтыру және оны қос қолымен қағып алу.Орнында 20 рет секіру (үзіліспен 3рет қайталау).» Максаты:Допты алға-жоғары лақтырып,оны қос қолымен қағып алуға үйрету.Тізені аздап бүгіп орташа биіктікте ырғақпен секіруді орындай білуді бекіту. Сөйлеуді дамыту Т/бы: «Менің тұлғам» С/Максат: Өзінің дене мүшелерін аджыратып атауға, дене мүшелерінің атқаратын қызметтерін айтуға үйренеді. Ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдайды. Ресурстар:Адамның дене мүшелерінің суреті, плакаттар. Әдіс – тәсіл: әңгіме, сұрақ–жауап, ойын.	жағында, қабырға негізін қалап жатыр. Үш кірпіштің үстіне тағы да бір кірпіштен салынып жатыр, үйшіктің үш қабырғасы. Екіге бүктемеленген қағаздың екі қыры үйшіктің екі қарама-қарсы қабырғасына тиіп, үйшікті жауып шатыр жатыр. - Балалар, бұл не? - Үйшікте не бар? - Үйшікте қабырғалар бар - кірпіштер бір-бірінің үстіне салынған. - Балалар, үйшікте шатыр бар ма? (Көрсеткішпен көрсету). Шатыр призмадан жасалған ба? Неден жасалған? Құрастыру амалдарын көрсету. "Үйшік". - Балалар, үйшікті құрастыру алдында, оны қалау амалдарын қайталайық. Сергіту сәті: "Күшіктер жүрісі" - Күшіктерім жүреді, Буындарын бүгеді, Бір-екі, бір-екі, Буындарын бүгеді. Күшіктер ытқып шығады,	оны мен сияқты, саусақпен айналдыра сызындар. Машина келе жатыр деп көзге елестетіндер. Ол жүріп келеді, жүріп келеді – бұрышқа жетіп,бұрылады да, әрі қарай жүріп кетті. Ол барлық бұрыштарды айналып шығып,бастапқы орнына қайтып келгенше, «машинаның»қозғалысын дауыспен көрсетейік. Машинаның қалай ұзақ жүргеніне балалардың назарын аударады. Балаларға шаршыны домалатып көруді ұсынады. Шаршының бұрыштарын санауға ұсынады. Әрбір бұрышына саусақты тигізе отырып: «Бір бұрыш, екі, үш, төрт. Барлығы төрт бұрыш» - деп өзінің соңынан қайталап айтуды сұрайды. Шаршы неге ұқсайды? Дөңгелек неге ұқсайды? Сергіту сәті: Бір саусағым тіптіде, Ұстай алмас жіпті де,	Балалар, бүгінгі жұмысымызды біз үш топқа бөлініп жасаймыз. Сурет салу. Саусақпен сурет салу әдісін пайдаланамыз. Мүсіндеу. Дайын қамырдан сәбіздер жасаймыз Ендеше балалар жұмыстарымызды бастайық. Сары түсті қамырды алдымен домалақтап аламыз. Алақанымызбен сопақша етеміз, басы үшкірлеу болу керек. Жасыл түстен жапырағын жасаймыз.Тәрбиешінің көмегімен жасайды. Орыс тілінде сәбіз-морковь дейді. Қанекей, бәрімізде қайталайық. -Қане, бәріміз болсақ, бояған сәбіздерімізді қоянымызға берейік.Қоянмен бірге бір ойын ойнап жіберейік. «Сәбізді себеттерге тездетіп сал» ойын.	
--	---	--	--	--	--

	Сөздік жұмыс: Дене мүшелері, адам. Күтілетін нәтиже: Адамның дене мүшелерінің аттарын, атқаратын қызметтерін, қай тұста орналасқанын біледі. -Балалар менің қолымдағы қорапта не бар екенін білесіңдер ме? -Бірге тамашалайық. Кел балалар күлейік, Күлкіменен тілейік. Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік. -Жарайды, бірге тамашалайық. -Балалар біз денеміздегі мүшелердің аттарын білеміз бе? Қорапта адамның дене мүшелері бар екен. Құрастырайық. Сөздік жұмыс: Дене мүшелері – части тело, адам – человек. -Мынау не балалар?	Ары-бері қозғалады. Бір-екі, бір-екі, Ары-бері қозғалады. Күшіктер табан тірейді, Құйрықпен ойнап, билейді, Сілкіп-сілкіп, Сілкіп-сілкіп, Құйрықпен ойнап, билейді. Өздік іс-әрекет. "Ақтөске арналған үйшік құрастырайық" іс-тәжірибе жаттығуы. Құрылыс нәтижесімен ойнату. "Ойыншықтар үйшікке тығылды". - Балалар, күшік Ақтөстің жанына көптеген ойыншықтар келді. Оларды таңдап алып, үйшіктерге жасырып қояйықшы, дала суық ... Көркем сөз - Кішкентай үйшікті Құраймыз күшікке. Мұқият қараймыз, Ағаштан қалаймыз. Едені, қабырғасы, Төбесі, шатыр басы. - Балалар, енді күн суықта күшік Ақтөс үйшікке кіріп жылынады. Ақтөс	Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті, Үш саусағым орамды Жүгіртеді қаламды Өнерлі екен он саусақ, Қала салсақ, жол салсақ. Д/о: «Үлкен –кішірек, шаршы Мақсаты: қоршаған ортадан шаршы пішіндегі заттарды табу машығын дамыту, ол заттар үлкен не кішірек екенін анықтауға жаттатыру. Д/о: «Шаршыны тап» Мақсаты: түсі мен көлеміне қарап басқа пішіндердің арасынан шаршыны тану. Буратино, саған көп рахмет, сен арқылы біздің балалар шаршы пішінімен танысты! Сау бол! Тақтадағы түрлі пішін - дедің ішінен шаршыны тауып, оны Буратинаға береді. Сендерге бүгінгі іс-әрекет ұнады ма? Олай болса, шапалақ соғып, іс-әрекетімізді аяқтайық!	Қоян. Балалар, көп-көп рахмет, сіздердің арқаларында қарным ашпайтын болды Теледидардан «көкөністер» туралы слайд көрейік. - Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде қоянымызға ненің суретін салып бердік, не үйрендік? Сәбіздің түсі қандай? Қоянымыздың көңіл-күйі жақсарды ма? Қол ұстасып тұрайық. Шеңберді біз құрайық. Көріскенше күн жақсы, Жаратылыстан у Т/бы: «Кішкентай марғау» С/Мақсат: балалардың мысықтың тіршілігі мен оған күтім жасау туралы білімдерін қалыптас ады. мысықтың баласы марғаудың қылықтармен әрекеттері жайлы түсініктерін (сыртқы түрі, үй жағдайындағы тіршілік е	
--	--	---	--	--	--

	-Қол бізге не үшін керек? -Мынау не? -Бұлар не үшін керек? -Балалар, дене мүшелері бізге керек пе -Дұрыс, бір мүше болмаса адам киналады.Сол үшін біз өзімізді қорғап жүруіміз керек. Сақтанып жүру керекпіз. Суретті әңгімелейді «Сақтану жолдары» Жолда ойнауға болмайды. Дұрыс тамақтану керек, сонда біз ауырмаймыз, деніміз сау болады. Күнде жаттығулар жасап, спортпен шұғылдану керек. Сергіту сәті: Сағаттың тіліндей Иіліп оңға бір. Сағаттың тіліндей Иіліп солға бір. Сағатқа карап ап, Жаттығу оңай-ақ! Д/о: «Дене мүшесін тап!» М: Шапшаң	сендерге үйшік құрастырып бергендерің үшін алғыс айтып, қоштасады. Сау болыңдар! Дайын өнім үшін мақтау және оқу қызметін сұрақ-жауап арқылы пысықтау.		туортасы,мекені,азығы)кеңейеді, марғауға күтім жасай білу дағдыларын біледі.Сөздік жұмыс:Мысық, марғау,көзі домалақ, жүні,мұрты ұзын, домалатты. Әдіс-тәсіл:Түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс. Ресурстар:Марғау туралы қысқаша бейнебаян, марғау суреті, марғауды құрастыратын үлкен кеспе суреттер. Күтілетін нәтиже: – Балалар, міне, қыстың соңғы айы да келді. Күн суық. – Бәріміз шеңберге тұрайық. Армысың, табиғат! Армысың, ғаламат! Армысың, мекенім! Бақытты екенмін! Армысыз, Апай! Армысың, Балақай! – Балалар, біз өзімізді жақсы көреміз бе? – Олай болса, өзімізді құшақтайық! "Бұл – мен!" – деп айтайық! – Балалар, біз қоршаған органы жақсы көреміз	
--	--	--	--	---	--

	ойлауын дамытады. -Сендер нені құрадыңдар? -Сендердің денелерін және дене мүшелерін ауырмағандай не істеу керек? -Деніміз сау болу үшін тағы не істеу керек? Мадақтау.			бе? – Олай болса, "Рақмет!" – деп айтайық! Рақмет! Сәлемдесу шеңберін аяқтай бергенде мысықтың мияулағаны естіледі. – Балалар, бұл ненің дыбысы? Балалар алаңдап қалады. Мысықтың балалары туралы бейнебаянды көрсету. – Балалар, қараңдаршы, мысықтың балалары марғаулар да өте сүйкімді, солай ма? Қылықтары да адамды қызықтырады. – Балалар, байқадыңдар ма, марғаулардың мияулаған дыбыстары да әртүрлі болып келеді екен. Сендердің де дауыстарың әртүрлі болып келеді, сол сияқты олардың да дыбысы әртүрлі болады. Мысықтардың түрлері де тұқымдары да бір-біріне ұқсамайтын әртүрлі сипатта болады. – Балалар, марғаулар қалай мияулайды екен? – Балалар, марғаулар ненің баласы? Марғаудың жіппен ойнаған бейнесін көрсету.	
--	---	--	--	--	--

				Ол тарқатылады және жиналады. Өйткені мысық жүннен жасалған жұмсақ заттарды жақсы көреді екен. Сонымен қатар мысық домалаған заттармен ойнағанды жақсы көреді, заттар домалағанда артынан қуып жүріп ойнайды. Сергіту сәті: «Мысық». Мысық сүтке тояды, Қарнын сипап қояды. Жүрісі оның баяу, Дейді мысық: «мияу-мияу». «Мысықтар не істейді?» дамытушы жаттығуы. – Балалар, мысық нені жақсы көреді? – Мысық қандай жануар? – Мысық жыртқыш жануар ма? – Балалар, мысық тышқанмен қоректенетін болғандықтан жыртқыш жануар болып есептеледі. – Балалар, мысық қалай жуынады? – Сонда да балалар мысықты жуындырып отыру керек. – Мысық нені аулайды? – Мысық көңілді	
--	--	--	--	---	--

				– Балалар, қараңдаршы, марғау не істеп жатыр? – Балалар, мысықтар мен марғаулар неге жіппен ойнайды, білесіңдер ме? "Жіппен ойнаған марғау" суретімен балаларды таныстырады. – Балалар, суретте не көріп отырсыңдар? – Марғау немен ойнап жүр екен? – Марғаудың қандай дене мүшелері бар? – Балалар, марғаудың басында екі үшкір құлақ бар. Оның құлағы өте жақсы естиді. – Бетінде не бар? – Көздері жап-жасыл. – Мұрны, аузы, мұрты бар. Оның мұрты өте сезімтал. Мұрты арқылы түнде де заттарға соқтықпай жүре алады. – Балалар, марғаудың құйрығы қысқа ма? – Марғау қалай дыбыстайды? – Марғау не істеп жатыр? – Марғау жіппен не істеді? – Балалар, мысық жіппен ойнағанды неге жақсы көреді?	
--	--	--	--	--	--

				болғанда қайтеді? – Мысық тағы қайтеді? – Балалар, қалай ойлайсыңдар, мысық неге мияулайды? – Мысықтың мияуының да түрлері бар екен. Мысық амандасқанда көтеріңкі дауыспен "мияу" дейді. Көбірек мияуласа, қуанғаны екен. – Жай мияуласа, тамақ сұрағаны, қаттырақ «мррраау» десе, "Есікті аш" дегені екен. – Жай «мррраау» десе, шағымданып, "Қарным қатты ашты" дегені екен. – Егер қатты «РРАУ!» ашуланғаны немесе құйрығын басып кеткені екен. – Балалар, мысықтың қылықтары қызық па? – Балалар, сендер мысықтың сөйлегенін көрдіңдер ме? – Олай болса, мына бейнебаянға қарайықшы, мысықтар қалай сөйлейді екен – Мына мысық ана кішкентай маргаудың әкесі. Мені тыңдамайды деп, шағымданып жатыр. – Балалар, мысықтың тіліне қараңдаршы,	
--	--	--	--	---	--

				сөйлеп тұрған адамның тіліне ұқсайды. – Ал, келесі бейнебаянда мысықтың "Есікті аш" деген сөзі анық естіледі, тыңдайықшы, балалар? – Көрдіндер ме, балалар? Мысық есікті ашып беруін сұрап жатыр. Сөздері анық шығып жатыр. – Міне, балалар, үй жануарларына жақсы күтім жасалса, олармен үнемі сөйлесіп отырса, адам сияқты сөйлеуге де бейімделеді екен. Д/о: "Мысықтың ойыншықтарын тап" Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.	
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру. Серуенге ойын материалдарын таңдау.				
Серуен	№8 Ауа райын бақылау. (бала үні, бақылау, деректерді тіркеу, қадағалау)	№9 №9. Аспанды бақылау (бала үні, ойын, деректерді тіркеу)	№10 Күзгі өрмектің ұшуын бақылау (4К моделі-бала үні, коммуникативтілік)	№11. Топырақты бақылау (бақылау, деректерді тіркеу)	№12 Алғашқы суық түскенін бақылау (бақылау, деректерді тіркеу)
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, әрқайсысы өз сөрелеріне киімдерін жинау. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Ойындар, дербес әрекет	«Балабақша» әнін жаттау және жеке орындау.	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Д/о: «Бұл қай кезде болады?» «Заттар қандай фигураға ұқсайды» ойыны.	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 1) «Ұйқыдағы аю» 2) «Автобус» (4К моделі, ойын, бағалау,	Ертегі кейіпкерлерін рөлдерге бөліп сомдау. «Шалқан» (бала үні, ойын, коммуникативтілік)	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 1) «Жоғарыда-төменде» 2) «Дүкенші»

		(Бала үні)			
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі жеткен жетістігі туралы әңгімелесу. Тұтас бала бейнесі	Ата-анамен пікірлесу. Үйде ойнайтын ойыншықтары туралы сұрау. Тұтас бала бейнесі	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. Тұтас бала бейнесі	Балабақша әнін үйден жаттауды тапсырма етіп беру. Тұтас бала бейнесі	Балалардың жылжымалы дәптерлерін тарату. Жаксы демалыс болуына тілек білдіру. Тұтас бала бейнесі